

11. ТАҚЫРЫП. Бюджеттің кірістерін құқықтық реттеу – 2 сағат.

Мемлекетте қаржылық құқық бұзушылықтың аз болуы үшін қаржылық тәртіптің сақталуы тиіс. Қаржылық құқық бұзушылық бұл мемлекеттің қаржы саласына қолданылатын нормативтік құқықтық актілердің сақталмауы, заңға қайшы іс-әрекет жасап, оны орындамау. Қаржылық құқық бұзушылық мынадай белгілерден тұрады: құқыққа қайшы әрекет, кінәнің орын алуы, себепті байланыс, зардаптың болуы, құқық бұзушылық үшін жауаптылықтың көзделуі.

Қаржылық құқық бұзушылық құрамамы субъекіден, объекіден, субъективтік жағы мен объективтік жағынан тұрады. Қаржы аясында жасалған құқық бұзушылықтарды үш топқа бөліп қарастырамыз. Олар қаржылық құқық бұзушылық, әкімшілік құқық бұзушылық және қылмыстық құқық бұзушылық. Осы құқық бұзушылықтардың ішінде негізгі құқық бұзушылық ретінде салық салу аясындағы құқық бұзушылықты атап айтса болады. Салықтық әкімшілік құқық бұзушылық кең таралған түрі. Қаржы саласындағы әкімшілік құқық бұзушылық. Қандай да юолмасын мемлекеттің өсіп-дамуының материалдық базасы – қаржыларды қалыптастыратын ең басты қайнар көздерге салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің жататыны белгілі. Қаржылық құқық саласының белгілі ғалымы Худяков А.И. өз еңбегінде салықтардың түсінігін беріп қана қоймай, олардың басқа төлем түрлерінен ажыратуға қажетті ерекшеліктерін ашып көрсеткен.